**Құрылыс объектісін ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысын регламенттеуді талап ететін объектілерге жатқызу туралы**

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 20 ақпандағы № 59 бұйрығы

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-1-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Көлік құралдарын өндіру бойынша толық циклді автомобиль зауытын салу және пайдалану" құрылыс объектісі ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысын регламенттеуді талап ететін объектілерге жатқызылсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр* *Қ. Шарлапаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК